

20-сыншы жылдарына дейін, яғни 90 жылға жуық Батыс Сібір мен Орынбор өлкесіне қарайтын қазақ даласы орыс шекаралық жүйесі басқармасына бағынды. Осы орайда Ресей үкіметі қазақтардың үстінен қаратып қойған хандар мен сұлтандарды қолдап, қазақ даласының далалық шегін әскери бекініс пункттерімен (Форпост) қоршап тастады да, қазақтарды іштей басқару істеріне араласпады. Алайда қазақ даласын басқарудың мұндай жүйесі одан әрі де Ресей үшін тиімді болмады. Сондықтан патша үкіметі боданындағы Қазақстан шекарасын бұдан гөрі берік күзету және қазақтармен сауда қатынастарын бақылауды күшейту мақсатында даланы басқаруда қолданылып келген жүйені өзгертуді шешті. Сол себепті XIX ғасырдың басында патша үкіметі қазақ халқын мұрагер хандар арқылы басқару жүйесінен бас тартып, даланы тікелей басқаруға көшті.

Сөйтіп, ресейдің патшалық үкіметі 1822 жылы Орта жүзде хандық өкіметті жойып, «Сібір қырғыздары туралы Жарғыны» (қазақ деп оқылсын) шығарды. Граф М.М.Спиранский жасаған бұл жарғы бойынша Сібір Шығыс және Батыс болып бөлініп, оларға екі генерал-губернатор тағайындалды. Батыс Сібірдің құрамына Тобыл және Томск губерниялары, Омбы облысы енді. Батыс Сібір генерал-губернаторының бас басқармасы Тобыл қаласында болды. Ал 1824 жылдан Омбы қаласына ауысты. Омбы облысының құрамына Орта жүз қазақтары енді. Омбы облысы төмендегідей ішкі округтерге бөлінді: Омбы, Петропавл, Семей және Өскемен. Ал сыртқы округтер» Сібір қырғыздары туралы Жарғының» айрықша ережелеріне сәйкес құрылды.

Осы жарғыға сәйкес Орта жүздің барлық аумағы аумақтық-әкімшілік бөліктерге бөлініп, қазақ даласы ішінде орналасқан округтік приказдарға бағынышты сыртқы округтер құрылды. Оларда орта (болыстық) және төмен (ауылдық) басқару буындары ұйымдастырылды. Округтік приказдардың басында сайланатын аға сұлтандар тұрса, болыстарды болыс басқарушылары басқарып, ал ауылдарды халық сайлауы бойынша тағайындалатын старшиналар басқарды. Нақты елді мекенде қоныстанған әрбір округтік приказ сыртқы округтің өкімшілік орталығы болып табылды.

Әрбір округтік приказдың басшылығы құрамында аға сұлтанның басқа оның қызметіне кандидат және төрт заседатель (екі қазақ, екі орыс) сайланды. Аға сұлтанның кеңсе штабінде іс-жұмысшы хатшы, тізманш, үстел бас-

-демократы, саяхатшысы, этнограф-фольклоршы, Орта Азия, Қазақстан және Батыс Қытай халықтары тарихы мен мәдениетін зерттеуші Шоқан Уәлиханов араласып тұрған.

1824-1844 жылдары тағы да 6 сыртқы округ (Көкшетау, Ақмола, Аягөз, Баянаула, Аманқарағай, Көкпекті) құрылды. Бұл орайда мынаны

Едіге бидің сайлануына келіскені туралы қолхат береді (Қазақстанның саяси құрылысының тарихы жөніндегі материалдарды қараңыз, I том, Алматы, 1960ж, 161, 163, 167-беттер).

1826 жылдың 9 наурызында Қарқаралы өскери отрядының бастығы, жүзбасы Карбышев Омбы облысы бастығының атына Төртуыл,

хаты, 4) Приказ өкілі қылып жаңағы айтылған Шоң биді және болыс билеушісі етіп Қожагелді Мұңқашевті сайлау туралы құрметті ақсақалдардың екі приговоры, 5) Округ құрамына енген рулардың тізбесі.

... Баянауладан округ ашудың пайдасы мынадай: екі сыртқы округтердің (Қарқаралы және Көкшетау-С.Ж.) арасындағы кеңістікте көшіп жүрген қырғыздар жаңа округке енуімен тәртіпсіздіктерді және тонаушылықты тоқтатады. Бұған дейін олардан Қарқаралы мен Көкшетау приказдарының басқаруындағы көршілес болыстар жапа шегіп келген. Сонымен бірге бір приказдан келесісіне қатынас жақсарып, 3 округті басқарудағы байланыс қалыптасады. Ең соңында мұның бәрі жинақтай келгенде далада берік тәртіптің қалыптасуына қызмет етеді... (Қазақстан Республикасы мемлекеттік орталық тарихи мұрағат, 338-қор, I тізім, 408-іс, 31-34 бет).

Ақыр аяғында ұзақ жылғы келісімдер мен жергілікті қазақтардың табанды талаптары нәтижесінде 1833 жылдың 9 наурызында Сібір бөлдек корпусының командири И.А.Вилиаминов Омбы облысы бастығы В.И.де Сенш-Лоранға қазақ даласында Баянаула деген атпен сыртқы округ ашу туралы хатын жібереді.

Батыс Сібір генерал-губернаторы Баянаула сыртқы округін ашу туралы бұйрыққа 1833 жылдың 22 тамызында қол қояды.

Сыртқы округтік приказдың ашылуына орай Баянаула станицасында өткізілген салтанат жайында 1833 жылы шыққан «Московские ведомости» газетінің 76-санында төмендегі мақала жарияланды (оның мәтіні орфографиялық және стильдік қателері түзетілмей, газетте басылған күйінде берілді):

«... в 10 часов, перед линиею лагеря был собран к параду весь отряд (русско-казахчи - С.Д.); Штаб - и Обер -офицеры в полной форме, а нижние чины при настоящих вооружениях. Прошедшие пешим строем повзводно к предназначенному месту, парад остановился в устой колонне пред домом, устроенный для присутствующих в приказе, в прямую линию колонны; собравшиеся в богатых азиатских костюмах Султаны, Бийи, Старшины и Киргизцы, с написанною на лице каждого торжественного радостию, в ожидании события, стояли посредине между отрядом и толпами Киргизского народа. На приуготовленном месте был постановлен Портрет Государя Императора в богатых золотых рамах с блистательною отделкою, на который собравшиеся Азиаты с неизменною и глубокою откровенною бра-

ТАРИХЫНДЫ ТАПИ БЫЛ

Баянаула сыртқы округінің ашылуы

атап өткен жөн: сыртқы округтердің аға сұлтандары болып Шыңғыс тұқымына жататын адамдар сайланды. Мәселен, жоғарыда айтылған 7 сыртқы округтің алтауына (Баянауладан басқасында) аға сұлтан болып Шыңғыс тұқымдары сайланды. Мәселен, 1834 жылы Аманқарағай сыртқы округінде Шоқан Уәлихановтың әкесі Шыңғыс Уәлиханов аға сұлтан болып сайланды.

Қарқаралы сыртқы округін тағайындаған кезде Батыс Сібір генерал-губернаторлығындағы шенеуніктер мен сұлтан Тұрсын Шыңғысовтың округ құрамына қазіргі Баянаула, Ақсу, Май аудандарының және Екібастұз өңірінің, Қарағанды облысының Бұқар Жырау мен Молодежный аудандары жерлерін қосып жіберу ойлары болды. Алайда Орта жүздегі беделді би Шоң Едігеұлы (1764-1835 жж) билеген жергілікті қазақтардың ру басшылары өз еріктерімен Қарқаралы округтік приказына тәуелді болуға қарсы шықты. Сөйтіп, олар Ресей үкіметіне жаңа, дербес Баянаула сыртқы округін құруды ұсынды.

Қанжығалы және Баянаула болыстары қазақтары Баянаула округтік приказының ашылуына келіскені туралы рапорт жібереді (сондағы 159-160 беттерді қараңыз).

Баянаула сыртқы округін тағайындау туралы шешім 9 жылға жуық созылды. Осы уақыттың ішінде Төртуыл, Бәсентиін және Қанжығалы болыстары Спиранский реформасының ережесіне кірмеген күйінде қалды. Бұл жөнінде Омбы облыстық басқармасының 1826 жылдың 19 наурызындағы Батыс Сібір генерал-губернаторына Арғын округтік приказының орнына Баянаула округтік приказын ашу туралы жазған хатында: «Қарқаралы округін тағайындау кезінде Төртуыл болысының округті құғандағы басты ру Қаракесек руынан тарайтыны негізге алынып, оның бір приказдың басқарылуына бірігуі тиіс екені» айтылған. Алайда кейіннен анықталғанындай, Бөкей ордасы сұлтандарының жоғарыда аталған болыстың ру басшыларымен жиі болып тұрған дау-дамайлары және сұлтандармен қырғыздар арасында бұрыннан келе жатқан келіспеушілік округтің

ында аға сұлтаннан басқа оның қызметіне кандидат және төрт заседатель (екі қазақ, екі орыс) сайланды. Аға сұлтанның кеңсе штатында іс жүргізуші, хатшы, тілмаш, үстел бастығы, азаматтық лекарь және журналист болды.

Спиранскийдің реформасы деп аталған мұндай өкімшілік реформаны жүзеге асыру қазақ даласында патша шенеуніктеріне қазақтар өмірінің көшпелі тұрмысындағы саяси өзгерістерге белсенді әрі мақсатты ықпал жасауға мүмкіндік берді. Бұл Ресей мемлекетінің қазақ қоғамының өлеуметтік институттарын саяси-экономикалық жұту процесінің басы болды. Мұның бәрі түпкі есепте Қазақстанды одан әрі отарлауды күшейтуге ықпал етті.

1824 жылдың 8 сәуірінде Қант және Қарқаралы қойнауында алғашқы болып Қарқаралы сыртқы округі ашылды. Оған марқұм Бөкейханның басқаруында болған ауылдар енді. Қарқаралы сыртқы округінің аға сұлтаны болып Бөкейханның немересі Тұрсын Жамантайұлы Шыңғысов сайланды.

Қарқаралы округтік приказының сыртқы күзетін 250 казактан жасақталған бөлім құрады. Оны Илья Карбышев басқарды. Ол округтік приказдағы егістік жерлерді иеленіп алды. Бұл жерде мынаны атап өткен жөн: жүзбасы Карбышев Кеңес әскери басшысы, инженерлік әскердің генерал-лейтенанты, профессор, әскери ғылымдар докторы, Кеңес Одағының Батыры Дмитрий Михайлович Карбышевтің (1880-1945жж) атасы еді. Д.М.Карбышевтің әкесі Михаил Ильич 1829 жылы Қарқаралыда туған. Михаил Карбышев ата-тегінен дворян болатын. Омбы Кадет корпусын бітірген. Оның барлық балалары (қызы мен 4 ұлы) Қарқаралыда туған. Ал Михаил Ильич әскери қызметтен кеткен соң Дмитрий Карбышевтардың отбасы көшіп барған Омбы қаласында туған. Карбышевтар отбасымен Омбыда Орталық Азия мен Сібірді зерттеумен шұғылданған орыс зерттеушісі Г.Н.Потанин және қазақ ағартушы

қаралы округінің приказына тәуелді сұлтанары шықты. Сөйтіп, олар Ресей үкіметіне жаңа, дербес Баянаула сыртқы округін құруды ұсынды.

1826 жылдың 14 ақпанында Шоң Едігеұлы Қарқаралы округтік приказы отрядының бастығы, жүзбасы Карбышевқа «Біздің халқымыздың тыныштығы мен бейбітшілігі үшін Баянаула тауында округтік дуанды (приказды-С.Ж.) ашуға келісеміз. Патша ағзамның боданы болып, оның өмірін орындауға міндеттенемін. Жаман істерді жасамақ түгіл, ол туралы ойламаймын да» деген қолхат берді.

Оған өз тілегім бойынша берген куәлендіру үшін деп мөрін басты.

Бұл қолхатты Шоң би жүзбасы Карбышевқа өз еркімен бергеніне куәгерлер ретінде өз мөрлерімізбен куәлендіреміз

Бәсентіін аулының старшинасы, капитан Қазанғап Сатыбалдыұлы,

Қанжығалы ауылының старшинасы Өтетілеу Тайпақұлы,

Жолаба-қыпшақ ауылының старшинасы Аю Олжабайұлы мөрім болмағандықтан таңбамды басамын (Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік тарихи мұрағаты, 338 қор, I жазу, 408-іс, 15-бет)

Осыдан кейін аталмыш мәселені шешу үшін 1826 жылы Шоң би өз билігіндегі Төртуыл, Бәсентіін және Қанжығалы болыстарынан депутаттарды Омбыға жібереді. Осы болыстықтардан Баянаула сыртқы болысы құрылуы тиіс еді. Депутатция Батыс Сібір генерал-губернаторы П.М.Капцеевичке Төртуыл, Бәсентіін және Қанжығалы болыстары қазақтарының, олардың Баянаула округтік приказының құрамында болуына және аға сұлтан қылып Шоң Едіге бидің сайлануына келісімі туралы қолхатты тапсырды.

1826 жылдың 15 ақпанында Төртуыл болысының қазақтары жүзбасы Карбышевқа өздерінің Баянаула округтік приказының құрамында болуына және аға сұлтан болып Шоң

басшыларымен жиі болып тұрған дау-дамайлары және сұлтандармен қырғыздар арасында бұрыннан келе жатқан келіспеушілік округтің ашылуына күшті кедергі болмақ. Белгілі би Шоң Едігеұлы Төртуыл болысын сұлтандарға қарағанда үлкен билікпен және сеніммен басқарып келгендіктен өзін ешқашан жаңағы сұлтандарға ерікті түрде тәуелді ете алмайды. «Қырғыздар туралы» Жарғыда белгіленген сұлтандардың басқаруындағы артықшылықтары Шоң бидің болыстыққа ие болу құқығын қорлайтын сияқты. Оның үстіне қырғыздардың бірігуіне олардың арасындағы өзара жанжалы да бөгет жасамақшы. Олар бітімгерлікке бұрылған жағдайда да ру басшыларының қолдауымен түрлі есеп айырысуды күйттеуде. Осылайша Төртуыл болысы жаңа құрылым ережесіне енбеген қалпында және Қарқаралы болысы мен бекітілген әскери пункттер арасында орнығып, сол арқылы Қарқаралы округін осындағы ішкі шектерден бөліп тастап отыр.

Төртуылдықтардың Қарқаралы приказына енуден бойын аулаққа салып отырған себептерінен басқа Шоң би өзі билейтін болыстың құрылуына ғана келіседі деген мәлімет бар. Ол тек азиаттықтарға тән менмендікпен мұндағы басшылық тарапынан шақыру күтіп жүр. Сондықтан осында жүзбасы Карбышев болғанда мен оған жоғарыда сөз болған ру бастысымен жолыққанда тәжірибе жасап көруді тапсырдым. Шоң би бұл шақыруды қабылдап қана қойған жоқ, ол салтанатты түрде Ресейдің қоластына кіріп, сонымен бірге Төртуыл, Бәсентіін және Қанжығалы болыстарының депутациясын жіберді. Аталмыш болыстықтардан жаңа Баянаула округі құрылуы тиіс.

Сіздің жоғары мәртебеңізге бұл туралы хабарлай отыра, жүзбасы Карбышевтан алған төмендегі қағаздарды жіберіп отырмын: 1) оның донесенісі. 2) Ресейдің қоластына кіру және Баянаула приказын тағайындау туралы Шоң би жасаған акт, 3) Шоң бидің айрықша

ратора в богатых золотых рамах с блистательною отделкою, на который собравшиеся Азиатцы с неимоверным удовольствием и благоговейным любопытством взирая, рассматривали драгоценные черты Государя Императора, величие которого для них непостижимо. В приличном расстоянии от Портрета поставлено и зеркало.

По устройнии Киргизского народа в порядок, читаны одним из переводчиков статья из Высочайше утвержденного в 22-й день июля 1822 года о Сибирских Киргизцах Устава, переведенного на киргизский язык. По прочтении оного, Управляющий Округом Подполковник Комаев произнес речь, заключающую в себе изъяснение цели учреждаемого в сем новом Округе Гражданского Правительства, и потом от него же предложено Султанам, на основании статей того Устава, избрать добровольно из среды себя старшаго Султана, которой бы, управляя Округом, председательствовал и в Диване (Приказе, - С. Д.), а также и Кандидата ему. По избрании оных приглашены Старшины и Бий к выбору из среды же себя двух Заседателей для присутствования в Приказе и по одному к каждому из них Кандидату, для занятия мест в случае смерти, или долговременной болезни. Потом избирались общими голосами в правители: волостями Султаны, ауылами Старшины; по окончании сих выборов, по составлении об них списков и по проигрании трубачами на молитву, пред домом Дивана на разостланных коврах Мулла принес пред выбранными Султанами, Заседателями, Кандидатами, Старшинами, Биями и всеми вообще Киргизцами, по их вере и закону, на коленах Всемогущему Богу, Подателю всех благ, моление по совершении коего приведены по установленной форме пред Алкораном (кораном -С. Д.) к присяге все Султаны,

Старшины и Бии со всем собравшимся Киргизским народом, на верность подданства ЕГО ИМПЕРАТОРСКОМУ ВЕЛИЧЕСТВУ и Наследникам ЕГО; а равно Члены Правления как Русские, так и избранные из единокровцев, каждый соответственно исповедоному ими закону, приведены к присяге на новопринимаемую ими должность.

Акт клятвенного обещания, составлены на Русском языке и переведенный на Киргизский, читан Муллою; слова его повторялись всеми присягавшими; за сим пропето казакми; Тебе, Бога, хвалим, многолетие ГОСУДАРЮ ИМПЕРАТОРУ и Всеавгустейшей Супруге МОНАРХА со всею Высочайшею ЕГО Фамилиею, потом Государственному Совету, Правительствующему Сенату, Российскому воинству, Высочайше утвержденному по Сибирским делам Комитету, Генерал-Губернатору Западной Сибири, Областному Начальнику, верно подданому России, доброму Киргизскому народу и вновь избранным для управления Диваном Султану и Старшинам; таковое многолетие повторено одним из Русских Чиновников, а с сим вместе производился батальный из ружей огонь.

После пропития обученными из казаков певчими многая лета и траекратного УРА, трубачи играли; Киргизцы же по обычаю своему приносили старшему Султану поздравление. Изготовлены Российский герб двуглавого орла с надписью большими золотыми буквами на Российском и Киргизском языках: «Баян-Аульский Окружный Диван», был внесен на устроенный поверх дома Дивана высокий шпиг; потом выбранные старшие Султан и Заседатели из Киргизцев введены в дом Дивана, а при них внесен и поставлен на приличном месте Портрет ГОСУДАРЯ ИМПЕРАТОРА и открыто на столе зеркало. Старший Султан, Заседатели и Чиновники Российские, в сем первом заседании заняв места, открыли Присутствие. Парад, прошедший повзводно церемониальным маршем мимо заседания, отправился в свой лагерь.

По окончании Присутствия в Диване, были угощаемы на два стола: народ Киргизский приготовленною в собственном их вкусе пищею, а Чиновники, приехавшие с линии (Иртышской-С.Д.) из любопытства видеть сей праздник, равно как и служащие в Приказе, Европейским обеденным столом. При окончании оногo пито за здравие ГОСУДАРЯ ИМПЕРАТОРА и Всеавгустейшей Супруги МОНАРХА, Наследника Престола и всей Высочайшей Фамилии, потом Генерал-Губернатора и Областного Начальника. Нижним чином выдано по чарке вина и фунту говядины. Заключением сего праздника была любимая Киргизцами (Байга) скачка на лошадах по призам, и борьба, после коей розданы нарочно приготовленные для Киргизского народа подарки. Вечером зажжен фейерверк из нескольких ракет, бураков, колес, швермеров ичи шутих; после сих потех все Азиятцы, приведенные в изумление и упитанные удовольствиями разъехались к своим стойбищным местам.» (см. с.3347-3349).

Осылайша Баянаула* сыртқы округтік при-

казы құрайды. Сол уақытта оған 149 ауылдан және 11819 киіз үйден тұратын (немесе шамамен 65 мың адамнан аса) 14 болыс енді. «Сібір қырғыздары туралы Жарғы» бойынша 50-70 киіз үй бір ауылды құрайтын. Ал осындай 10-12 ауыл болысты құрады.

Баянаула сыртқы округіне төмендегі болыстар енді:

- 1) Бәсентиін
- 2) Байымбет-Бәсентиін
- 3) Әйти-Бәсентиін
- 4) Ақтілес-Күшік-Бәсентиін
- 5) Бозғозы - Буранайман
- 6) Жауетей - Буранайман
- 7) Құлыке- Қаржас
- 8) Күлік
- 9) Сатылған - Алтынтөре
- 10) Айдабол
- 11) Жанғозы-Айдабол
- 12) Ақбура - Тұлпар
- 13) Орманшы
- 14) Қозған

Алғашқы төрт болыс Бәсентиін руына жатады. Олардың қыстаулары қазіргі Ақтоғай ауылынан Көктөбе ауылына дейінгі Ертістің сол жағалауына орналасқан; 5-6 - Буранайман болысы қазіргі Черноречский және Григорьевский ауылдарының арасында, Ертістің оң жағалауында қазіргі Май ауданындағы Түндік және Шыған өзендерінің аралығында; 7-14 - Төртуыл болысы Баянаула округінің оңтүстік бөлігі, әсіресе Қызылтау мен Далба таулары. Бұл округте жалпы алғанда 400 мың жылқы, 112 мың ірі қара мал, 1 миллионнан астам қой мен ешкі, 31 мың түйе болды.

«Сібір қырғыздары туралы Жарғы» талаптарына қайшы жергілікті қазақ ру басшыларының ақсүйек сұлтанға бағынышты болғысы келмеуі себебінен Баянаула округіне аға сұлтан болып қара сүйектер әлеуметтік тобының таңдаулысына жататын Шоң би сайланды. Қара сүйектерге дала шонжарларының өкілдері би, бай адамдар жатады. Ал әлеуметтік сатының ең жоғары буынына шыңғыс тұқымы енді. Оларды ақсүйектер дейді.

Округтің аға сұлтаны 3 жыл мерзімге сайланып, оған орыс қызметінің майор шені берілетін. Округтік приказдың полицейлік және соттық өкіметі болды.

Төменде 1833 жылы 22 тамызда Баянаула округінің ашылу құрметіне өткізілген салтанатқа қатысқан жекелеген сұлтандардың, болыстардың, билер мен ауыл старшындарының аты-жөндері келтіріліп отыр. Мүмкін қазіргі ұрпақтары өз аталарын танып алар.

Сұлтандар: Байкет Рүстемұлы, Ғұбайдолла Сығайұлы, Жаубасар Тәукеханұлы, Орман Батырұлы, Тоқа Қожакелдіұлы.

Болыстар: Үкібай Найзабекұлы, Шодыр Бәкуұлы, Айдос Шығырұлы.

Билер: Түменбай Жансарұлы, Малай Байтауұлы.

Старшындар: Торғынбай Байсарыұлы, Қазыбай Байтоқұлы, Теке Бекбайұлы, Телқара Есімбайұлы, Жылқыбай Қойбасұлы, Орал Ақжігітұлы, Бөже Итемгенұлы, Жұман Заңұлы, Ғаббас Айтпайұлы, Қасқараң Шортанбайұлы, Бегіндік Қызылбайұлы, Тақұлы Жайнақұлы.